

МКҚК №20 «Дидар» балабақшасының
қамқоршылық кеңесі отырысының №1 хаттамасы

Өткізілген күні: 10.01.2024 жыл

Қатысқаны: 7 адам

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Қамқоршылық кеңес жұмысының қағидарымен танысу
2. Қамқоршылық кеңесінің жаңа құрамымен танысу
3. 2023 жылы МКҚК №20 «Дидар» балабақшасындағы атқарылған жұмыстардың есебі.
4. Қамқоршылық кеңесінің 2024 жылға жоспарын талқылау, бекіту.
5. 2024 жылдың ас мәзірін бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі 1-ші мәселе бойынша қамқоршылық кеңесінің міндеттері мен атқаратын іс-әрекеттері жайлы айтылды. Қамқоршылық кеңес өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және балабақшаның қызметі мен дамуына жәрдемдесу үшін құрылатынын айтып өтті. Қамқоршылар кеңесі балалардың қажетіне пайдаланылатын материалдық жағдайын қамтамасыз ету, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларынан шыққан балаларға қолдау көрсету, жабдықтар, материалдар мен оқу-әдістемелік әдебиеттер сатып алуға көмектесу үшін құрылады екенін хабардар етілді.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша ҚР Оқу ағарту министрлігінің Балалардың құқықтарын қорғау комитеті Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2017жылғы 27 шілдедегі № 355 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және қайта сайлау тәртібін үлгілік қағидалары» негізінде МКҚК №20 «Дидар» балабақшасында «Қамқоршылық кеңес» құрамы құрылып, жеке өтініштері негізінде қамқоршылық кеңестің құрамына төмендегідей өкілдер енгізілді.

1. Асадуллаева Анастасия Юрьевна - төрайымы
2. Даулет Зауре Даулетқызы - мүшесі
3. Буркитова Гулназ Мустахимовна- мүшесі
4. Қамытбаева Назерке Құдайбергеновна - мүшесі
5. Утаров Бакытбек Серикович - мүшесі
6. Аққалиұлы Арманбек - мүшесі
7. Ұзақбаев Талғат Ермекбаевич – мүшесі
8. Атағалиева Нургайша Жумабергеновна – хатшы

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша 2023 жылғы № 20 «Дидар» балабақшасында көптеген жұмыстар жоспарланып жүзеге асырылды.

Атап айтсақ:

- Топтардың қабылдау бөлмелеріне жөндеу жұмыстары
- Балабақшаның музыка залы толықтай жөндеу жұмысынан өтті
- Асханда жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жабдықтармен қамтылды
- Балабақшада жекелеген кабинеттер жөндеуден өтті
- Кафелдер алмастырылды
- Есіктер алмастырылды
- Топтардың ыдыс бөлмесі шкафтары жаңартылды
- Сыртқы есік алдарына іштен қосымша жылу таратқыштары орнатылды
- Кір қабылдау және жуу бөлмесі жаңартылды.
- Жекелеген топтарда балалар столдары мен отырғыштары жаңартылды.
- Медбике бөлмесі және екпе салу бөлмесі толықтай жаңартылды. Балабақша ішінде тағы басқа да көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша 2024 жылға қамқоршылық кеңесінің жұмыс жоспары құрылып, қамқоршылық кеңес мүшелері арасында талқыланып, таныстырылды.

Күн тәртібіндегі бесінші мәселе бойынша балабақшадағы тәрбиеленуші балаларды тамақтандыру үшін арналған 10 күндік ас мәзірімен САН ПИН талабына сай қажетті дәрумендермен толықтырылған түрде жасалғандығы айтылды.

Шешімі:

1. Қамқоршылық кеңесін құру нұсқаулығы және қағидаларымен толық таныстырылды.
2. Қамқоршылық кеңестің мүшелері тағайындалып, бекітілді.
3. 2023 жылы МКҚК №20 «Дидар» балабақшасындағы атқарылған жұмыстардың есебі қанағаттанарлық деп қабылданып
4. Жылдық жұмыс жоспары құрылып, жоспардағы іс-шаралар мерзімге сай орындалсын.
5. Балабақшадағы тәрбиеленуші балаларды тамақтандыру үшін 10 күндік ас мәзірі келісілсін.

Қамқоршылық кеңесінің төрайымы :  Асадуллаева А.Ю

Хатшы:



Атағалиева Н.Ж